

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ
Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЖ.
БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ
КӨРШІЛЕС АУМАҚТАРҒА МӘЖБҮРЛІ КӨШІ-ҚОНЫ:
ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты республикалық-тәжірибелік
конференцияның материалдары**

8 қазан 2021 ж.

**Материалы республиканской научно-практической
конференции «ГОЛОД НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX ВЕКА В
КАЗАХСТАНЕ И ВЫНУЖДЕННЫЕ МИГРАЦИИ КАЗАХОВ
НА СОПРЕДЕЛЬНЫЕ ТЕРРИТОРИИ: ПРОБЛЕМЫ
ИССЛЕДОВАНИЯ»**

8 октября 2021 г.

Алматы, 2021

ӘОЖ 94 (574)
ҚБЖ 63.3 (5Қаз)
Қ 18

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған. АР08856865 «ХХ ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» жобасы аясында жарияланды.

Рекомендовано к печати Ученым советом Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Издано в рамках реализации проекта АР08856865 «Казахские откочевники в республиках Средней Азии и России в период массового голода начала 30-х гг. XX века: пребывание и адаптация».

Редакциялық кеңес:

Қабылдинов З.Е., Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М.

Құрастырушылар:

Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р.Ж.

Пікір жазғандар:

Мұхатова О.Х. – тарих ғылымдарының докторы, профессор

Мырзатаева З.Б. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

«Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. – Алматы: Литера-М, 2021. – 296 б. – Қаз., рус.

ISBN 978-601-80856-5-9

Жинаққа Алматы қаласында 2021 жылдың 8 қазанында болып өткен «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» атты республикалық-тәжірбиелік конференцияда оқылған баяндамалар енгізілді. Материалдар жинағына Қазақстанның, Ресей Федерациясының, Өзбекстанның, Қырғызстанның, ғылыми-зерттеу орталықтарының ғалымдарының, университет оқытушыларының, архив және музей қызметкерлерінің, орта мектеп мұғалімдерінің тың зерттеулері мен ашаршылық босқындары ұрпақтары өкілдерінің естеліктері енді.

Конференция материалдары тарихшыларға, оқытушылар мен студенттерге, сонымен қатар Қазақ тарихына қызығушылық танытатын барлық оқырмандарға арналады.

В сборник вошли материалы Республиканско-практической конференции «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования», которая прошла 8 октября 2021 года в г. Алматы. В сборник вошли статьи ученых из Казахстана, Российской Федерации, Узбекистана, Кыргызстана, научных центров, преподавателей вузов, архивистов и сотрудников музеев, учителей старших классов и представителей потомков беженцев от голода.

Материалы конференции предназначены для историков, учителей и студентов, а также всех читателей, интересующихся историей Казахстана.

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТжЭИ, 2021
© «Литера-М» ЖШС

7. Жұпбанов Қыдырбай Мәлімет беруші. Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы 2021 жылдың 26 шілдесі.

8. Алиманов О. Ағайынды Оңғалбаевтар. Кітапта Балқан тауға барған ел (Маңғыстау қазақтары – түрікмен жерінде) – энциклопедиялық жинақ Құрастырған М. Жетекбаев. – Ақтау, «Бабамұра-М», 2006 ж. 392 б.

9. Асылбек Б. «пойыздан түсе сала жерді сүйдім». Түрікменстан қазақтары тарихи отанына қалай оралды? <https://www.azattyq.org/a/31259587.html> Тіркелген күні, 17 мамыр 2021 ж.

10. <https://mangystautv.kz/kz/news/society/1737-kandasymyz-koship-keldi>. Тіркелген күні, 22 қаңтар 2021 ж.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша АР08856865 «ХХ ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

ЕВРОПАДАҒЫ ЭМИГРАЦИЯ ӨКІЛДЕРІ XX Ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚПЕН АШТЫҚ ТУРАЛЫ

Стамшалов Е.И.

PhD докторант

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

тарих және этнология институты

Алматы қ., Қазақстан

Исахан Ғ.Т.,

Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік

архивінің ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

XX ғасырдағы Қазақстандағы аштықтардың сипаты мен себеп-салдары әрқилы болғаны белгілі. Жалпы, зерттеушілер Қазақстан аумағында дерегі сақталған аштықтардың тізбесін 1826-1827 жылдардан бастайды. Одан кейін 1829-1830, 1833-1834, 1838-1839, 1844-1845, 1848-1849, 1853-1854, 1873-1876, 1879-1880, 1888-1889,

1891-1892, 1897-1898, 1902-1903, 1907-1908, 1911-1912, 1916-1917, 1918-1919, 1921-1922, 1924-1925, 1926-1927, 1927-1928, 1931-1933 жылдардағы аштықтар қазақ халқына көп зардап шектіріп, әлеуметтік дамуын өзгеріске ұшыратты [1, 6-б.].

1917 жылғы азаматтық қарсы тұру кезінде жеңіліс тауып, Еуропада қалыптасқан саяси ресейлік эмиграцияның өкілдері отанындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жіті назарда ұстап отырды. Бұрынғы Ресей империясы орнына құрылған Ресей федеративтік республикасы аумағындағы аштық көріністері де назарда болды. Бірталай уақыт құпия саналып келген аштық тақырыбы КСРО аумағында айтылмай келгенімен, шетелде жүрген Ресей эмиграциясы кеңестік тоталитарлық жүйе ұйымдастырған аштықтың қасіретін еуропалық мерзімді баспасөзде жария етті. Ресейлік эмиграциялық орта 1921-1922 және 1931-1932 жылдардағы аштықтар туралы да ақпараттарды жинақтап отырды. Саяси күресте жеңіліс тапқан топтар өкілдері ретінде Еуропадағы Ресей эмигранттары большевиктік биліктің солақай саясатын аштықтың басты себебі деп білді. Эмигранттар жариялаған мақалаларда нақты фактілік мәліметтермен қатар саяси пікірталаста орын алды. Қазақ саяси эмиграциясының көшбасшысы М. Шоқай кеңестік тоталитарлық жүйе ұйымдастырған аштықтың қасіретін еуропалық мерзімді басылымда жария етті. М. Шоқайдың әртүрлі газет беттерінде жарияланған мақалаларына көз жүгірткенде, сол кездің аянышты суреттері көз алдымызға келгендей болады. Мұстафа Шоқай баяндаған 1921-1922 жылғы аштық қазақ халқы үшін жаңа өкімет орнағаннан соң қызыл қырғынның бастамасы болатын. Берлинде жарық көретін «Новый мир» деген газеттің 1921 жылғы 16 қарашасындағы №244 санында А. Байтұрсыновтың атынан көшіріп басылған хабарлама жарияланған. Жарияланымда осы жылғы Қазақстандағы аштықтың негізгі себебі жұт, қыстың ерте түсуі, алдыңғы қуаңшылық жылдарда жем-шөп қорының жиналмауы болғаны түсіндіріледі. Мақаланың шын мәнінде Ахмет Байтұрсыновқа тиесілі екеніне күмән келтірген М. Шоқай Парижде шығатын «Последние новости» газетінің осы жылғы 26 қарашадағы №495 санында хабарлама авторымен сырттай пікірсайысқа түседі. Саяси полемикада саясаткер өзі куә болған большевиктік жүйенің алғашқы жылдарындағы өктем саясаты туралы мағлұматтарды ортаға салады. М. Шоқай бұл аштықтың қолдан жасалғанын негіздеген. Қазақстандағы Кеңес

өкіметі алғашқы күндерден-ақ шаруалардың мал-мүлкін тартып алуы өлкедегі мал басының күрт кемуіне әкелгеніне тоқталған. 1920 жылдың соңында жарық көрген «Қазақтардың Ленинге хаты» атты құжаттағы мәліметтерді теріп, онда «алдыңғы қуаңшылық жылдар» туралы еш әңгіме жоқ екеніне назар аударған [2, 284-б.]. Шоқайдың «Қазақстандағы аштық» атты осы мақаласы жарияланбастан бұрын 1921 жылдың 11 тамызында Парижде Ресейдегі ашыққандарға көмек беру жөніндегі қоғамдық комитет құрылып, оның құрамына Н.Д. Авксентьев, П.Н.Миллюков, Ғ. Исхаки және басқа қайраткерлермен бірге Мұстафа Шоқай да кірген болатын. М. Шоқай өз тарапынан түрік халықтары азаттық қозғалысы атынан мұсылман елдерге, Американың көмек өкімшілігіне үндеу жазып таратқан болатын [1, 112-б.].

М. Шоқайдың Париждегі мұрағатында сақталған, 1923-1927 жылдарда «Дни», «Последние новости» басылымдарында шыққан жарияланымдарында Қазақстандағы аштық туралы жан-жақты мағлұмат берген. Қайраткер өз жарияланымдарында негізгі дерек көзін кеңестік мерзімді басылымдардан алатынын жасырмайды. М. Шоқай Түркістанды отарлаған большевиктерге сұрақты төтесінен қояды: «Большевик мырзалар, айтыңыздаршы, Сырдария облысындағы қазақтардың аштыққа ұшырауына кім кінәлі? Түркістанда аштықты ұйымдастырған кінәлілер бір рет те болса сотталушының орындығына неге отырғызылған жоқ?» [3, р. 53; 4]. М. Шоқай басынан бастап большевиктер Түркістанға ешбір жақсылық жасамайды, бұл террордың басы деді. Расында да, бұл жылдар ұзаққа созылған халық қасіретінің бастамасы болғанын уақыт көрсетті. Түркістандағы жергілікті мерзімді басылымдар мәліметтері негізінде зерттеу жүргізген Мұстафа Шоқай аштан қырылғандар санын анықтауға күш салған. Ташкенттің «Түркістан» газетінің (1922 жылдың 13 қыркүйегінен бастап «Қызыл Байрақтың» орнына шығып тұрған) 1922 жылғы 16 желтоқсандағы нөмірінде келтірілген қысқаша цифрлар дерегін пайдаланған М. Шоқай «1921 жылғы Ферғанадағы большевиктер жасырған алапат аштықтың сұмдық көрінісін» анықтайды. Бір ғана Наманған уезіне қатысты тұрғындар саны көрсетілген статистикалық деректерді таразылаған қайраткер аштан қырылуы мүмкін адамдар санын есептейді. Наманған уезіндегі халық саны 1920 жылы 230 880 адам (1914 жылы – 303 790 адам) болады, ал 1922 жылы барлығы 190 675 ғана адам есептелді. Бұдан шығатын қорытынды 1921 жылы халық 40 205 адамға азайғаны айқындалады. Мерзімді басылымдағы мал басының санына қатысты

деректерді талдаған М. Шоқай малдың кемуі астықсыз ашыққан халық малдарды жаппай союдың салдарынан болғанын дәлелдейді [5, p.82].

Эмиграциялық баспасөздің белсендісі саналған «Дни» газетінің 1924 жылғы 5 шілдедегі № 503 санында М.Шоқай Ақмола уезіндегі аштық туралы жариялайды. Мұндағы аштыққа ұшырағандар саны 30–40 мыңға жетіп жығылған. Тамақ іздеген мыңдаған адамдардың туған жерлерін тастап, жан-жаққа босып кеткені айтылады. Еуропада тұрып жатса да, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жіті бақылап отырған қайраткер 1921 жылдан бері Ақмоладағы аштық кездейсоқ болып жатпағанын нақтылайды. «1921 жылы облыс ішкі Ресейден ағылған аш босқындармен толды. Оған қоса егін шықпай қалды. Аштықтың шегінде тұрған қазақ халқына Кеңес өкіметінің қалай қарағанын Азық-түлік халық комиссариатының (қазақтардан) салық ретінде шошқа талап еткенінен көруге болады. Биліктің жандайшаптары шошқаның орнына қой, ешкілерді ала бастады... Салықты жинап алды. Іле-шала 1922 жылы аштық басталды. «Бостандық туы» мен «Қазақ тілі» газеттері сол кезде аштыққа ұшырағандардың саны 445–450 мың екендігін анықтады. Осы газеттер деректеріне сүйенсек, мемлекеттік көмек жоғарыда келтірілген санның небәрі 6 мың адамын ғана қамтыған» – деп көрсетеді М. Шоқай [6, p.24; 4]. Мақалада большевиктік биліктің аштықтың орын алып отырғанын мойындап, ашыққандарға көмек ұйымдастырудың орнына, сайлау сияқты саяси науқандарға баса назар аударып отырғанын сынайды.

Ресейдегі Уақытша үкіметтің басшысы болған А.Ф. Керенскийдің «Дни» газетіне 1929 жылдың желтоқсан айында ұсынған мақаласы «Аштық пен өлім үкіметі» (Правительство голода и казни) деп аталған. Автор Ресейден Германияға ағылып жатқан ашыққан немістердің тағдырын тілге тиек ете отырып, Кеңестер еліндегі аштықтың себептерін талдаған. А.Керенскийдің пікірінше, қазіргі кезде Кеңестер елінде жаңа экономикалық саясатқа дейінгі «соғыс коммунизмі» саясаты қайта орнаған. «Англияда Сталинді қорқытып отырған кулактар еуропалық үлгідегі фермерлер, шындығында байлар шығар деп ойлайды. Іс жүзінде Россиядағы большевиктер екі ат, екі сиыры, жылдық табысы 100 фунтты құрайтын 5 гектардан асатын егістігі бар өз күнін көргісі келетін шаруаның бәрінкулак деп жариялайды. Әрине, мұндай «капиталист» Еуропада ең кедей шаруалардың қатарына саналатын еді. Мұндай «байлардың» өзі 27 миллион шаруаның арасында 3 проценттен аспайды. Шаруалардың 30 % -ы жұмыс

малы жоқ, нағыз паупэрлер санатында » – деп жазады А. Керенский [7, 4-п.]. Керенский, сондай-ақ, «кулак» деп аталатын топ пен кедей шаруалардың ортасындағы орташалардың еңбекке талпынысына ешқандай ынталандыратын себеп жоқтығы астықтың жоғалуына алып келді деп түйіндейді. Автор жыл өткен сайын астықтың азаюы елдегі қайыршылықтың өсуіне алып келгенін көрсетеді. А. Керенский ресми ақпаратқа сүйеніп: «Қазір Ресейде 25 миллион басы артық деревня халқы бар. Аш адамдардың нағыз нөпірі қалаларды басып жатыр. Тауарлық аштыққа қарамастан, өнеркәсіп пролетариатының арасында бұрын-соңды болмаған жұмыссыздық дендеп тұрғандықтан, тоналған шаруа қаладан жұмыс таппайды. Бір жұмыспен қамтылған өнеркәсіп пролетариатына – 0,7 жұмыссыздан келеді. Бұл жартысына тең. Әлемдегі өнеркәсіп тарихында мұндай жағдай болмаған.» – деп сипаттайды [7, 5-п.]. Автордың көрсетуінше, армия үшін нан керек болғандықтан, большевиктік өкімет шаруаларды шектен тыс қысымға салып жатыр. Керенский большевиктердің өздері шығарып отырған ресми баспасөз мәліметтерінің өзі бұл кезде шаруалардың қарсыласуының айрықша қарқынмен жүріп жатқанын әйгілейтінін көрсетеді. «Газет материалдары большевиктердің күн сайын 5 адамды атып жатқанын көрсетеді. Кей жағдайда большевиктер (шаруаларды) сот комедиясын ойнаған соң өлтіреді. Бірақ көп мөлшердегі ату жазасы ОГПУ сияқты саяси полицияның тапсырмасы негізінде орындалып жатыр» – деп көрсетеді А.Ф. Керенский [7, 6-п.].

1926 жылы С.П. Швецовтың редакциясымен жарық көрген «Өзінің табиғи-тарихи және тұрмыстық шарттары жағдайындағы қазақ шаруашылығы» атты жинақта 1921 жылғы аштық салдарынан болған қазақ босқындары туралы айтылады. С.П. Швецов: «Жанұясымен, малымен туған мекенінен жырақ кеткендерді, сырт жақта өмірін жалғастыратын эмигранттар деп санау дұрыс емес. Бұл, мүлде басқа тәртіп пен мағынадағы құбылыс. Бұрынғы Ресей империясын Қытай және Монғолиядан бөліп тұрған мемлекеттік шекара қазақтарды күшпен екі мемлекетке бөлгенімен, олардың бір халық ретіндегі сана-сезімін де, рулық тұрмысының байланыстарын да бұза алған жоқ» – деп ол кезде әлі қарқын ала қоймаған қазақ босқыншылығының табиғатын түсіндіруде құнды пікір білдірген [8, с. 66].

Европадағы эмиграция өкілдері назарынан Қазақстаннан кетіп жатқан босқындар мәселесі де тыс қалмады. Мұстафа Шоқайдың шамамен 1928 жылдары жазылған «Түркістан босқындарының

қасіреті» атты мақаласында босқыншылықты туғызған негізгі себептер талданады. Мақалада «москвалық большевиктер» барлық керегін тартып алған түркістандықтардың босудан басқа жолы қалмағаны айтылады. «Діндәрлардан Алладан бас тарту талап етілді, Ленин пайғамбар ретінде жарияланды... Құран Маркстің «Капиталымен» алмастырылды» – деп жазады Мұстафа Шоқай. Автор түркістандықтар үшін тұтас мемлекеттің қарулы күштерімен күресу ауырлық туғызып, шекараға маңайлас тұратындар соңғы мүліктерінің қалдықтарын көтеріп, шекара асқанын суреттейді. Ол: «Түркістандықтарға көрші мұсылман елдерде өмір сүру оңай сияқты көрінеді» – деп жазады [9,97-б]. Советтер еліндегі қарулы көтеріліске қатысқаны үшін Иранға босқан түркістандықтар тағдырына алаңдаған М. Шоқай, бұл туралы Иран шахына өтініш хат жолдағанын атап көрсеткен. Қайраткердің бұдан арғы жан тебіренісін толқымай оқу мүмкін емес: «Достық қиындық үстінде сыналады дейді. Біздің халқымыздың үстінде бақытсыздықтың бұлты үйіріліп тұр! Біздің Отанымыз халқымыз үшін қорқынышты түрмеге айналды. Мұндай толассыз күресте халқымыз тығырықтан шығатын жол іздеуде. Әбден шарасы қалмаған, орыс большевиктерінің азабына шыдамаған түркістандықтар маңайдағы шекаралардан асуда. Персия, Ауғанстан, Түркия елдері олар үшін жердегі жұмақ көрінуде... Бұл елдерде олардың діндес, қандас бауырлары өмір сүреді... Барған жерде олар қайғысына лайық қамқорлық көріп отыр ма?! Біздің ұлттық қасіретімізді сипаттау үшін қандай қалам, қанша қағаз керек! Шынымен-ақ, біз үшін ұлттық бостандық пен азаттықтың таңы атпай ма? Қашанғы біздің бауырларымыз ажалдан пана іздеп барған елдер олардың қайғысы мен азабына суық әрі керең күйде бола береді? Біз, түркістандықар ешкімнен де ұлттық дұшпанымызға қарсы күресімізге көмек сұрап отырған жоқпыз ғой. Біз тек қана ажалдан пана сұрап қана тұрған жоқпыз ба?! Шынымен-ақ біздің жан даусымыз естілмей ме? «Достар бақытсыздықта танылады»...» [9, 99-б]. М. Шоқай жан дауысы шығып қорғауға барын салып отырған Иран, Ауғанстан, Түркия тараптарына босқыншылық кеңестік шаруашылық-саяси науқандар бойыншақысымкүшейгенсайынөршиберді. 1929–1931 жылдарарасында Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Бүйен Ақсу, Сарқан, Жаркент және Бөрібаев аудандарындағы шаруалардың күштеп ұжымдастыру мен шаруашылық-саяси науқандарға қарсы көтерілістері олардың жаппай босқыншылығымен астасып жатты. Профессор

Қ. Алдажұманов өз зерттеуінде 1930 жылдың басы жаппай шаруалар толқуы мен көтерілістері кезінен бастап Қазақстандағы тұрғылықты жерінен 281 230 шаруашылық босып кетсе, соның 83 мыңы Солтүстік-батыс Қытай мен Ауғанстанға қашқанын көрсеткен. Сол кезеңдегі, кейінірек жаппай ашаршылық жағдайында босқыншылық қазақ ауылдарын ғана емес, орыс қоныс аудару деревняларын да қамтыды. Бір ғана Алматы округінен 51 198 шаруашылық сыртқа босқын болып кеткен [10, с. 83-84].

Түркістанның азаттығын аңсап, саяси күреске түсіп, елде большевиктік билік орнаған соң эмиграциялық тағдыр қамытын киюге мәжбүр болған қайраткерлердің Қазақстандағы аштық, босқыншылық шындығын жария етуде, қынадай қырылған халқы үшін халықаралық көмек ұйымдастыру мақсатындағы жанкешті еңбегі жеке зерттеуді керек қылатын тақырып. Жоғарыдағы баяндамада қайраткерлердің осы аштық, босқыншылық шындығын әшкере етуге бағытталған еңбектерін талдауға талпыныс жасалды. Бұл тақырыптың толық және жан-жақты зерттелуі – болашақтың ісі.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті / С.Смағұлова. 1-кітап. – Алматы: «Елтаным», 2019. -272 б.
2. Шоқай М.Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. 2-том. –Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 640 б.
3. Bibliothèque des langues et civilisations orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. (Далее: Inalco. L'Archives de Moustafa Chokay Bey).Carton IV Dossier 1-d. – P. 53.
4. Исахан Ғ. Айтуға тыйым салынған ақиқат // Егемен Қазақстан, 6 желтоқсан, 2012 жыл.
5. Inalco. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton IV. Dossier 1-e. – P.82.
6. Inalco. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton IV. Dossier 1-b.P.24. (Мақалалар қазақ тілінде Ғ.Т. Исаханның аудармасымен «Егемен Қазақстан» газетінде 6 желтоқсан, 2012 жылы жарияланды)
7. РФ МА. 5878-қор, 2-тізімдеме, 47-іс. – 4-6 пп.
8. Казахское хозяйствов его естественно-исторических и бытовых условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в Казахской Автономной Советской Социалистической Республике. Под редакцией С.П. Швецова. Ленинград, 1926. – 186 с.

9. РФ ӘА. 461 к-қор, 1 тізімдеме. 417 іс. – 97-99 пп.

10. Алдажуманов К. Крестьянское движение сопротивления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. – С. 66-92.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалды (Жобаның ИРН: AP8855857).

О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА НАЧАЛА 1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ В ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (КРАТКИЙ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР)

Кубеев Р.Д.

научный сотрудник

Институт истории и этнологии

им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК

Алматы, Казахстан

В данной статье будет предпринята попытка краткого обзора работ известных зарубежных исследователей, касающихся массового голода 1930-х годов в Казахстане (его причин, предпосылок и основных последствий).

Одним из широко обсуждаемых проблем в среде исследователей является вопрос целей, преследуемых руководством страны при проведении кампании по коллективизации и насильственному оседанию кочевников в Казахстане, степени осведомленности властей о возможных последствиях голода, а также интерпретация их действий в ходе усугубления кризиса.

Американская исследовательница С. Кэмерон в своем исследовании, говоря о массовом голоде в Казахстане в начале 1930-х годов, отмечает, что политика коллективизации, начатая зимой 1929–1930 гг., принесла колоссальные страдания населению по всей республике за эти два года, в том числе массовый голод и бегство населения, особенно через границу с Китаем. Но, как обращает внимание автор, зимой 1930–1931 гг. продовольственный кризис внутри

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
Қабылдинов З.Е.....	5
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ	
Қойшыбаев Б.О.....	8
АШТЫҚ, БОСҚЫНДЫҚ, ҚАРСЫЛЫҚ ТАРИХЫ ӘДІЛ ЖАҢҒЫРТЫЛСЫН	
Омарбеков Т.О.....	17
КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ЗОМБЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРСЫЛЫҒЫ: ЖАҢА ДЕРЕКТЕР КУӘЛІГІ (1929-1932 ЖЖ.)	
Балтабаева К.Н.	24
КАЗАХСТАНСКИЕ БЕЖЕНЦЫ: ОТ КАТЕГОРИЙ ДО РАЗРАБОТКИ ЗАКОНА О РЕАБИЛИТАЦИИ БЕЖЕНЦЕВ	
Курманов З.К.	33
АРХИВЫ КЫРГЫЗСТАНА КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО АШАРШАЛЫКА	
Пасилов Б.А.	40
ГОЛОД В ТУРКЕСТАНЕ В 1917-1923 ГОДЫ	
Джумашев А.М.	44
«КАЗАХИ-ОТКОЧЕВНИКИ» В ИСТОРИИ КАРАКАЛПАКСТАНА (1933-1934 гг.)	
Сдыков М.Н.	51
ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ В 20-30 ГОДЫ XX ВЕКА	
Қыдырбаева Р.Қ.	63
«АШТЫҚТАН АМАН САҚТАҒАН АНАМНЫҢ ШОҢҚАЙМА ЕТІГІ»	
Кұдайбергенова А.И.	68
1930 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫН ҚАЙТАРУ ТАРИХЫНА ОРАЙ	
Ешмұратова Б.Ж., Сарбаев Д.Д.	76
АҚТӨБЕДЕГІ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ	

Мамытова С.Н.	86
«ОТКОЧЕВНИЧЕСТВО» ИЛИ ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА: ПАМЯТЬ ПОТОМКОВ (НА МАТЕРИАЛАХ ЭКСПЕДИЦИИ «ПО МЕСТАМ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ, СВЯЗАННЫМ С ГОЛОДОМ В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА», 2021 ГОД)	
Қозыбаева М.М.	93
1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС СІБІРДЕГІ ҚАЗАҚ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ КӨШІ-ҚОН ЖӘНЕ ҚУҒЫН-СҮРГІН	
Исенов Ө.И.	101
XX Ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫ ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ	
Боранбаева Б.С.	118
БӨКЕЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1920-1922 ЖЖ): СЕБЕП–САЛДАРЫ МЕН ЗАРДАПТАРЫ	
Байдалы Р.Ж.	127
ТҮРІКМЕНСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ	
Стамшалов Е.И., Исахан Ғ.Т.	135
ЕВРОПАДАҒЫ ЭМИГРАЦИЯ ӨКІЛДЕРІ XX Ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ ПЕН АШТЫҚ ТУРАЛЫ	
Кубеев Р.Д.	142
О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА НАЧАЛА 1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ В ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (КРАТКИЙ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР)	
Нуркеева Л.С.	150
1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨЛКЕСІНДЕГІ АШТЫҚ	
Смағұлов Н.Б.	156
СТАЛИНДІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ РЕЖИМНІҢ 1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ҚАРСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН АШАРШЫЛЫҒЫ: ЗАРДАПТАРЫ МЕН САЛДАРЫ	

**Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ
Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХХ ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЖ.
БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ
КӨРШІЛЕС АУМАҚТАРҒА МӘЖБҮРЛІ КӨШІ-ҚОНЫ:
ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты республикалық-тәжірибелік
конференцияның материалдары. 8 қазан 2021 ж.**

**Материалы республиканской научно-практической
конференции «ГОЛОД НАЧАЛА 30-Х ГГ. ХХ ВЕКА В
КАЗАХСТАНЕ И ВЫНУЖДЕННЫЕ МИГРАЦИИ КАЗАХОВ
НА СОПРЕДЕЛЬНЫЕ ТЕРРИТОРИИ: ПРОБЛЕМЫ
ИССЛЕДОВАНИЯ». 8 октября 2021 г.**

«Литера-М» ЖШС типографиясы, директоры Қ. Мұқашов
Типография ТОО «Литера-М», директор К. Мукашов

Теруге 10.10.2021 берілді. Басуға 12.10.2020 қол қойылды.
Пішімі 70*100 1/16. Қаріп түрі «Times New Roman»
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 18,5
Таралымы 500 дана.

Сдано в набор 10.10.2021. Подписанов в печать 12.10.2021.
Формат 70x100 1/16. Гарнитура «Times New Roman»
Офсетная бумага. Офсетная печать. Усл.печ.л. 18,5
Тираж 500 экз.